

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қордың
Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылғы «10» қазандағы №19
шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорындағы сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл саласындағы саясат**

1. Мақсаты және жалпы ережелер

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл және алдын-алу бойынша шараларды;

- лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және осы Саясатты сақтауы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейді.

3. Осы Саясат:

- Қор қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестігін, іскерлік әдептің жоғары стандарттарына бейілділігін қамтамасыз ету;

- Қорды, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін алып отырған лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту;

- кез келген жемқорлық көріністерге нөлдік төзімділікпен Қордың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;

- Қорға деген сенімді арттыру және лауазымды тұлғаларда, жұмыскерлерде, құрылтайшыларда (қатысушыларда), халықта, қайырым жасаушыларда (донорларда), контрагенттерде, мемлекеттік органдар өкілдерінде және өзге де мүдделі тұлғаларда кез келген нысандары мен көріністерінде терістеуші жемқорлық ретінде Қор туралы бірыңғай түсінікті қалыптастыру мақсатында әзірленген.

4. Осы Саясат Қордың іс-қызметті жүргізу мен іскерлік беделді қолдаудың жоғары этикалық стандарттарға бейілділігін көрсетеді. Қор оның адал, айқын, ақ ниетті ұйым деген беделі ең құнды актив болып табылатынын мойындайды.

5. Осы Саясат Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері сақтауы үшін міндетті болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

6. Бұл Саясатта келесідей терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;

лауазымды тұлға – басқарушылық функцияларды, немесе Қордағы ұйымдастырушылық-бөлу немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға (Қамқоршылық кеңес мүшелері, Төраға және Басқарма мүшелері, бас бухгалтер);

контрагент – Қор шартты/келісімді жасасқан немесе жасасуды жоспарлайтын жеке немесе заңды тұлға;

мүдделер қайшылығы – лауазымды тұлғалардың/жұмыскерлердің жеке мүдделері және олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, ол кезде аталған тұлғалардың жеке мүдделері олармен өзінің лауазымдық міндеттерін орындамауға немесе тиісті деңгейде орындамауға және Қордың мәселелері бойынша шешімдерді объективті түрде қабылдауға әкелуі мүмкін;

сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғалармен/жұмыскерлермен өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және жеке өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі немесе делдалдар арқылы алу немесе шығарып алу мақсатында олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды ұсыну арқылы осы тұлғаларды параға жығу;

сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық – сыбайлас жемқорлықтың белгілері бар, заңнамамен жауапкершілік белгіленген заңсыз кінәлі іс-қимыл (әрекет немесе әрекетсіздік);

сыбайлас жемқорлық қатері – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен шарттардың пайда болу мүмкіндігі;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қордың өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша, соның ішінде Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын анықтау, тыю, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою бойынша іс-қызметі;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қордың алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу мен енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды зерделеу, анықтау, шектеу және жою бойынша іс-қызметі;

жұмыскерлер – Қормен еңбек қатынастарда тұратын жеке тұлғалар;

жақын туыстар – ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, толық текті және толық текті емес ағалы-інілілері мен апалы-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

жекжаттар – толық текті және толық текті емес ағалы-інілілері мен апалы-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының (зайыбының) балалары;

лауазымды тұлғаның отбасының мүшелері – жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары, соның ішінде кәмелетке толғандар және асырауында болатын және онымен бірге тұрақты тұратын тұлғалар.

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қордың өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылған анықтамаларға сәйкес келеді.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

8. Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік – Қор өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі кез келген нысандарда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады;

жоғары басшылықтың бейілділігі және «жоғарыдан екпінді» орнату – Қамқоршылық кеңес сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қорда сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөлді орындайды. Қордың Қамқоршылық кеңесі мен Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез келген нысандарына ымырасыз қатынасы туралы мәлімдемдеуі және барлық деңгейлерде бұл қағиданы жеке мысалда көрсетуі, сақтауы және іске асыруы керек;

жұмыскерлердің тартушылығы – Қор өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы ақпараттандырады, осы Саясатты енгізу бойынша қажетті шараларды қабылдайды және жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

тиісті абайлаушылық – сыбайлас жемқорлыққа тартылуы немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне толерантты болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін барынша азайту үшін контрагент туралы қажетті ақпаратты алуға бағытталған шаралар мен әрекеттер кешенін қабылдау;

сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы – Қор сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша профилактикалық шараларды, яғни корпоративтік мәдениет, ұйымдық құрылым элементтерін, сыбайлас жемқорлық қатерлерін анықтауға және олардың пайда болуын барынша азайтуға бағытталған ережелер мен рәсімдерді енгізуді қабылдайды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың тиімділігі – Қор рәсімдерді максималды ашық, айқын, орындалатын етуге ұмтылады. Қор қолданымдағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

мониторинг және бақылау – Қор сыбайлас жемқорлық қатерлерінің мониторингін жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің және олардың тиімділігінің сақталуын бақылайды;

сенімді есептілікті енгізу – Қор заңнаманың талаптарын және есептілік құжаттамасын жүргізудің ішкі ережелерін сақтайды. Бухгалтерлік, басқарушылық және өзге де есеп түрлерінің немесе растайтын құжаттардың деректерін бұрмалауға жол берілмейді;

өзара әрекеттесу және үйлестіру – Қор сыбайлас жемқорлық проблемасының жалпы әлеуметтік сипатын және мемлекеттік саясат аясында іске асырылатын іс-шаралар арқылы, сондай-ақ Қордың лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері, контрагенттері жағынан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру арқылы мойындайды.

4. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қатерлеріне қарсы іс-қимыл және профилактикасы бойынша шаралар

4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қордың ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді сақтау

9. Қайырымдылық көмек Қормен Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қордың басқа да ішкі құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

10. Қордың Жарғысына сәйкес құрылтайшылар (қатысушылар), Қамқоршылық кеңестің және Басқарманың мүшелері, олардың жақын туыстары Қор қаражатынан көмек алуға құқылы емес. Бұл шектеу сондай-ақ құрылтайшылары (қатысушылары) немесе атқарушы органның мүшелері Қордың құрылтайшылары (қатысушылары), Қордың Қамқоршылық Кеңесі мен Басқармасының мүшелері және олардың жақын туыстары болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты болады.

4.2. Контрагенттерді тексеру

11. Іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешімді қабылдау алдында шартты/келісімді/меморандумды жасасуға бастамашылық ететін Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелері:

- 1) Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген рәсімдерді сақтауға;
- 2) келесі рәсімдерді (қоса алғанда, бірақ шектелмей) жүргізу арқылы контрагенттер мониторингін жүзеге асыруға:
 - іскерлік бедел туралы ақпаратты талдауға;
 - мүдделер қайшылығының болмауын тексеруге;
 - жалған кәсіпкерлікті, сенімділікті тексеруге;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдердің болуын талдауға, осы Саясаттың талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болуға;

3) қайырымдылық іс-қызмет бойынша жасалатын шарттарға/келісімдерге) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені (осы Саясатқа 1-Қосымша) қосуға міндетті. Қор олардың жағынан сыбайлас жемқорлықты анықтаған жағдайда контрагенттермен шарттарды/келісімдерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4.3. Бухгалтерлік есеп, есептілік және аудит

12. Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік, салықтық есепті жүргізуді жүзеге асырады.

13. Барлық қаржылық-шаруашылық операциялар толықтық, сенімділік және ашықтық қағидастарын сақтаумен бухгалтерлік есепте көрсетіледі.

Қор қаржылық-шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетусіз жүзеге асыруға, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің немесе растаушы құжаттардың деректерін бұрмалауға жол бермейді.

14. Бухгалтерлік есеп және есептілік Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес тұрақты тәуелсіз аудиттен өтеді.

4.4. Өкілдіктік шығындар мен сыйлықтар

15. Қордың әкімшілік бюджеті өкілдіктік шығындарды ескермейді және жүзеге асырмайды.

16. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер контрагенттің қаражаты есебінен сыйлықтар алуға немесе іскерлік түскі/кешкі асқа шақырулар қабылдауға құқылы емес.

17. Лауазымды тұлға/жұмыскер және оның отбасы мүшелері материалдық сыйақылар, сыйлықтар немесе көрсеткен тұлғалардың пайдасына әрекеттер (әрекетсіздігі) үшін қызметтер алуға, егер осындай әрекеттер қызметтік өкілеттіктерге кіретін болса немесе лауазымды тұлға/жұмыскер қызмет бабы күшінен осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, құқылы емес.

Лауазымды тұлғаның/жұмыскердің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің шотына олардың келісімінсіз түскен ақша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып, олармен алынған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде осындай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы тиісті мемлекеттік кірістер органына түсініктеме беру арқылы республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Лауазымды тұлғаның/жұмыскердің және оның отбасы мүшелерінің келісімінсіз түскен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып, олармен алынған сыйлықтар сыйлықты алған күннен бастап немесе лауазымды тұлғаға/жұмыскерге сыйлықты алғаны туралы белгілі болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару бойынша уәкілетті органға тегін табыстауға жатады, ал лауазымды тұлғаға/жұмыскерге көрсетілген қызметтер қызметтерді көрсеткен күннен бастап немесе лауазымды тұлғаға қызметтердің көрсетілгені туралы белгілі болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік бюджетке ақша аудару арқылы төленуі тиіс.

4.5. Саяси қызметке қатысудан бас тарту

18. Қордың мүлкі саяси партияларды, кәсіптік одақтарды, сайлау қорларын, діни бірлестіктерді қолдау үшін пайдаланыла алмайды.

Қор тікелей немесе жанама түрде саяси партияларда, олармен байланысты ұйымдар мен қорларда қатыспайды, оның ішінде демеушілік және оларды қолдау үшін өзге де төлемдерді жүзеге асырмайды.

19. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ халықаралық қоғамдық бірлестіктерге, егер мұндай қатысу Қордың мүдделеріне зиян келтірмесе және мүдделер жанжалын тудырмаса, жеке тұлға ретінде қатысуға құқылы.

20. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде Қордың атынан төлемдерді ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе жасауға, мүлікті енгізуге, сыйлықтар сыйлауға және т.б. тыйым салынады.

21. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапкершілік көтереді.

4.6. Мүдделер қайшылығын болдырмау

22. Мүдделер қайшылығын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды механизмдердің бірі болып табылады.

23. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өзінің лауазымды міндеттерін орындаған кезде Қордың мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Қордың мүдделеріне қайшы келетін жағдайлар мен мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қайшылығы пайда болған (немесе оның пайда болуы мүмкіндігі) жағдайда Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері бұл ақпаратты тікелей басшының назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

24. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы немесе Қор Басқармасының Төрағасы лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпаратты алған кезде Қордың мүдделер қайшылығын реттеу бойынша саясатқа сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

4.7. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар туралы хабарламалар

25. Егер Қорда Қордың лауазымды тұлғасымен немесе жұмыскерімен жасалған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық орын алғаны туралы қандай болса да айғақ бар болса, бұл туралы тікелей басшыға немесе жоғары тұрған басшыға дереу хабарлау керек.

26. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тексеріс немесе қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

27. Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, тергеп-тексерудің аяқталуы еңбек қатынастарын бұзғанға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға бергенге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатына сүйене отырып, түзетуші шаралар қабылдау, сонымен қатар бақылау рәсімдерін жетілдіру болып саналады.

4.8. Құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу

28. Құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу:

- сыбайлас жемқорлықтың профиоактикасы мен алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасауға мүмкіндік туғызатын себептер мен шарттарды анықтау мен жою бойынша;

- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері бар бұзушылықтарды жасаған оқиғалар туралы ақпараттандыру;

- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері бар бұзушылықтарды тыю немесе тергеп-тексеру бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде жәрдем көрсету;

- жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың сұратулары бойынша жауаптар беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу мақсатында жүзеге асырылады.

Қор Қорға белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы құқық қорғау органдарына хабарлау міндеттемесін өзіне алады.

4. Сыбайлас жемқорлық қатерлерін сәйкестендіру және оларды басқару

29. Сыбайлас жемқорлық қатерлерін сәйкестендіру мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау қатерлеріне бейімді және Қордың сыбайлас жемқорлыққа лауазымды тұлғаларымен және жұмыскерлерімен жеке пайда алу мақсатында да, Қормен пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасау ықтималдығы жоғары болатын Қордың сондай іс-қызмет түрлері мен бизнес-рәсімдерін анықтау болып табылады.

30. Сыбайлас жемқорлық қатерлерін басқаруға мыналар кіреді (бірақ олармен шектелмейді):

- Қордың негізгі ішкі құжаттарына және олардың бекітуге шығарылатын жобаларына оларда сыбайлас жемқорлық (сыбайлас жемқорлық факторлары)

көріністерінің себептері мен жағдайларын жасауға ықпал ететін ережелердің бар болуына талдау жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- Қордың ішкі құжаттарын сәйкестікке жедел келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

- сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері статистикасын зерделеу, БАҚ-тағы жарияланымдар мониторингі;

- Қордың ішкі құжаттарына сәйкес мүдделер қайшылығы туралы хабарламаны тұрақты толтыруды қоса алғанда, арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді белгілеу;

- қолданымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тиімділігін талдау;

- жаңа және қолданымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу (қайта қарау).

31. Сыбайлас жемқорлықтың қатерлерін бағалау осы Саясатты әзірлеу және енгізу кезінде жүргізіледі. Саясат бекітілгеннен – жылына кем дегенде бір рет.

Қолданымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің тиімділігін талдау аудиттер шеңберінде, оның ішінде тәуелсіз сыртқы кеңесшілермен (аудиторлармен) жүзеге асырылады.

5. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің міндеттері мен жауапкершілігі

32. Қор, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті.

33. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қор өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі және үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ:

1) пара ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға, яғни қандай болса да тұлғаны оның лауазымды міндеттерін тиісті емес деңгейде орындатуды қоздыру пиғылымен кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты беруге немесе беруді уәде етуге;

2) параны талап етуге, қабылдауға келісуге немесе қабылдауға, яғни өзінің лауазымды міндеттерін тиісті емес деңгейде орындау үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

3) қолданылатын заңнамада көзделгенді қоспағанда, төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе төлем жасауға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті етілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін пайдаланылуы мүмкін болатын күдік болған жағдайда үшінші тұлғаларға төлемдер ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайданы алу орнына Қорда (оның ішінде уақытша негізде) жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе қамтамасыз етуге;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтарды немесе қонақжайлылық белгілерін сыйлауға немесе алуға тыйым салынатынына негізделеді.

34. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздерінің кәсіби қызметінде келесі мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы керек:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау, Қордың жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын (осы Саясатқа 2-қосымша) сақтау;

2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болу, лауазымды міндеттерді жүргізудің кез келген жосықсыз тәсілдерінен қаймығу;

3) Қордың беделін түсіруге қабілетті әрекеттерге жол бермеу;

4) жеке мақсатта қызмет бабын, құпиялы және инсайдерлік ақпаратты, Қордың материалдық және бейматериалдық активтерін пайдаланбау;

5) заңсыз әрекеттерге, немесе олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдіктер туғызуы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) мүдделер қайшылығы болған жағдайда лауазымды міндеттерді жүзеге асырмау;

7) жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары алып отырған лауазымдарға тікелей бағыныштылықта болатын лауазымдарды алмау, сонымен қатар тікелей бағыныштылықта жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары болмау керек.

Осы тармақтың талаптарын бұзатын лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер, егер олар көрсетілген бұзушылықты анықталған сәттен бастап үш ай ішінде өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныштылықты жоққа шығаратын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде олардың біреуі жұмыстан шығарылуға немесе басқару функцияларынан өзге де босатылуға жатады.

35. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Саясатқа 3-Қосымшада көзделген нысан бойынша осы Саясатты адал ниетпен орындауға ерікті міндеттемені растауға міндетті.

36. Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің үлгілік мазмұны

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Шарттың Екінші Тарапын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы ақпараттандырады. Шартты жасасу арқылы екінші Тарап Саясатпен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар олардың жұмыскерлерімен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатындағы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық) белгіленген сыбайлас жемқорлықтың белгілері бар заңсыз кінәлі әрекеттерді жатқызады.

3. Тарапта Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы орын алғаны немесе орын алуы мүмкіндігі туралы дәлелді жорамалы пайда болған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмысты жасағанына байланысты екінші Тарапқа жұмыскерге(лерге) қатысты қылмыстық істің қозғалғаны туралы ақпаратты немесе Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы туралы өзге де сенімді ақпаратты алған кезде) мұндай Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда тиісті фактілерді (бұдан әрі – Хабарлама) көрсету арқылы хабардар етуге міндеттенеді және екінші Тараптан Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық орын алмағаны немесе орын ала алмайтыны туралы растаманы алғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауға құқылы. Көрсетілген растама екінші Тараппен Хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылуы керек.

4. Қор Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасалғаны туралы сенімді ақпаратты алған кезде және осы баптың ережелерін сақтаған кезде Шартты орындаудан біржақты тәртіпте немесе екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ Шартты бұзумен келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

5. Шарттың екінші Тарапында Шарттың қандай болса да ережелері орын алғанына немесе орын алуы мүмкін екеніне күдіктер пайда болған кезде Шарттың екінші тарапы Қорды кез келген ыңғайлы тәсілмен дереу хабардар етуге міндеттенеді.

6. Қор Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) Ынтымақтастық туралы меморандумның шеңберінде Агентікке Шарт туралы ақпаратты ұсыну құқығына ие.

«Қазақстан халқына» ҚҚ жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – Қор) сыбайлас жемқорлықтың көріністерін болдырмау және Қордың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферсын қалыптастыру мақсатында әзірленген.

2. Қызметкерлер келесі мінез-құлық нормаларын басшылыққа алады:

2.1. Өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұру, құқықбұзушылыққа немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар жасайтын әрекеттерге жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың кез келген фактілерін бетін қайтару;

- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық туралы сенімді ақпарат бойынша мұндай құқықбұзушылықты алдын алу және тоқтату бойынша барлық қажетті шараларды қабылдау;

- өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты, адалдықты, сатылмайтындықты және ашықтықты сақтау қағидаттарына негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- анықталған күннен бастап бір айлық мерзімде сыбайлас жемқорлық көріністерінің негізсіз жария айыптауы тағылған кезде оны жоққа шығару бойынша заңмен көзделген барлық шараларды қабылдау керек.

2.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалармен өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын әкімшілік пен өзге де кедергілерге жол бермеу. Мұндай факторлар анықталған жағдайда оларды жою бойынша заңмен көзделген барлық шараларды қабылдау;

- Қорға экономикалық залалды болдырмау бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалану, олардың жеке мүдделері немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін тексерістерге бастамашылық етуге жол бермеу;

- жеке мүліктік және мүліктік емес пайданы алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктері мен оларға байланысты мүмкіндіктері пайдаланбау;

- мүдделер қақтығысына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау керек.

Мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес реттеу бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

2.2. Қордың ішкі құжаттарын дайындау кезінде:

- жұмыскерлермен сыбайлас жемқорлық және өзге де заңсыз сипаттағы әрекеттерді жасау және оларда тиісті ескерту шараларын көрсету үшін алғышарттарды тудыратын сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау үшін қабылданатын ішкі құжаттарға талдау мен сараптама жүргізу;

- бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлық мониторингін және сыбайлас жемқорлық қатерлерін талдауды жүргізу. Оларда сыбайлас жемқорлық факторларының болуы анықталған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылдау керек.

2.4. Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын өзге де өзара қатынастар кезінде:

2.4.1. Бағыныштағы жұмыскерлермен қарым-қатынастарда басшылар:

- өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділеттіліктің, адал ниеттіліктің, адалдықтың және сатылмаушылықтың үлгісі болып қызмет етуге;

- меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадрлар мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша артық көруді көрсетпеуге;

- өз қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілікті көрсетуге;

- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал көрсету үшін қызметтік бабын пайдаланбауға;

- жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормалармен үйлеспейтін заңсыз қылықтарды жасауға мәжбүрлемеуге міндетті.

2.4.2. Басшылармен қарым-қатынастарда бағынышты адамдар:

- тапсырмалардың орындау кезінде тек объективті және сенімді мәліметтерді ұсынуға, басқа жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінде сыбайлас жемқорлықтың оларға белгілі оқиғалары туралы басшылықты дереу ақпараттандыруға;

- басшылыққа қатысты жеке адалдықтың көріністеріне, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылысқа жол бермеуге міндетті.

3. Қордың жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мына шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген қызметті жүзеге асыру;

- жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың, жекжаттардың бірлесіп жұмыс істеуіне жол берілмеушілік;

- мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығарып алу мақсатында ресми таралуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

- қызметтік өкілеттіктерді орындаумен байланысты сыйлықтар алу.

3-Қосымша

Растама

○ Мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерттеп білгенімді растаймын.

○ Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды адал орындауға міндеттенемін.

○ Мен өз әрекеттерімнің, сондай-ақ басқа жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе Қормен өзара әрекеттесітін басқа тұлғалардың іс-әрекеттерінің, әрекетсіздігінің немесе ұсыныстарының заңдылығындағы немесе әдептілігіндегі бар болатын күдіктер туралы хабарлау мүмкіндігімен таныспын.

○ Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда мені жауапкершілікке тартылуым, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып отырған лауазымымнан босатылуым туралы хабардармын.

(ТАӘ, лауазымы, қолы)

Бұл нысанды Қордың лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері толтырады және қол қояды, ол жеке ісінде сақталады.